

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ САНАНЫҢ РАДИКАЛДАНУЫ: СЕБЕПТЕРІ, КӨРІНІСТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Ш.М. Жандосова

АҢДАТПА

Аталған мақала қазіргі Қазақстандағы исламдық сананың радикалдану процесстерін жан-жақты талдауға арналған. Зерттеуде радикалды діни идеологиялардың таралуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени және психологиялық факторлар анықталады. Жұмыста қазақстандық қоғамдағы діни радикализмнің негізгі көріністері, олардың қазіргі әлеуметтік-саяси жағдайға әсері қарастырылады. Автор радикалды діни идеологияның таралуына ықпал ететін негізгі себептерді, атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, тарихи сананың бұзылуы, дәстүрлі құндылықтардың дағдарысы және діни сауаттылықтың төмен деңгейін анықтайды. Зерттеуде діни радикализмнің алдын алу мен қарсы тұрудың тиімді шаралары ұсынылады, оның ішінде білім беру бағдарламаларын жетілдіру, діни сауаттылықты арттыру, дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттау, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын іске асыру және радикалды топтардың идеологиясына қарсы тұру шаралары қарастырылады. Жұмыста қазақстандық қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардың, азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттестігі талданады. Аталған мақала ғылыми объективтілік, жүйелілік және кешенді тәсіл қағидаттарына негізделген тарихи-салыстырмалы, әлеуметтік-психологиялық, институционалдық, жүйелі және саяси-құқықтық талдау әдістерін қолданады. Осы әдістердің кешенді түрде қолданылуы радикалдану үдерістеріне қарсы іс-қимылдардың тиімді тәсілдерін айқындауға мүмкіндік берді. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы Қазақстанның діни қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге қосқан үлесімен анықталады.

Түйін сөздер: исламдық сана, радикалдану, діни экстремизм, қауіпсіздік, дерадикализация, діни сауаттылық, ұлттық бірегейлік.

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Жандосова Ш.М.
sholpan_zhandosova@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Жандосова Ш.М.
Қазақстандағы исламдық сананың радикалдануы: себептері, көріністері және алдын алу шаралары // Адам әлемі. – 2025. – №1 (103). – Б. 49-58.

Радикализация исламского сознания в Казахстане: причины, проявления и меры профилактики

Аннотация. Данная статья посвящена всестороннему анализу процессов радикализации исламского сознания в современном Казахстане. В исследовании выявляются социально-экономические, историко-культурные и психологические факторы, влияющие на распространение радикальных религиозных идеологий. В работе рассматриваются основные

проявления религиозного радикализма в казахстанском обществе, их влияние на современную социально-политическую ситуацию. Автор выявляет ключевые причины, способствующие распространению радикальной религиозной идеологии, а именно: социальное неравенство, безработицу, деформацию исторического сознания, кризис традиционных ценностей и низкий уровень религиозной грамотности. В исследовании предлагаются эффективные меры профилактики и противодействия религиозному радикализму, включая совершенствование образовательных программ, повышение религиозной грамотности, пропаганду ценностей традиционного ислама, реализацию программ социально-экономического развития и меры по противодействию идеологии радикальных групп. В работе анализируется взаимодействие государственных органов и религиозных организаций, институтов гражданского общества для обеспечения духовной безопасности казахстанского общества. Данная статья опирается на историко-сравнительный, социально-психологический, институциональный, системный и политико-правовой методы анализа, основанные на принципах научной объективности, системности и комплексного подхода. Комплексное применение этих методов позволило определить эффективные способы противодействия процессам радикализации. Научная и практическая значимость работы определяется ее вкладом в совершенствование государственной политики в области обеспечения религиозной безопасности Казахстана.

Ключевые слова: исламское сознание, радикализация, религиозный экстремизм, безопасность, дерадикализация, религиозная грамотность, национальная идентичность.

Radicalization of Islamic Consciousness in Kazakhstan: Causes, Manifestations and Preventive Measures

Abstract. This article is dedicated to a comprehensive analysis of the processes of radicalization of Islamic consciousness in contemporary Kazakhstan. The research identifies socioeconomic, historical-cultural, and psychological factors influencing the spread of radical religious ideologies. The work examines the main manifestations of religious radicalism in Kazakhstani society and their impact on the current sociopolitical situation. The author identifies the primary causes contributing to the spread of radical religious ideology, specifically: social inequality, unemployment, disruption of historical consciousness, crisis of traditional values, and low levels of religious literacy. The study proposes effective measures for preventing and countering religious radicalism, including improving educational programs, enhancing religious literacy, promoting traditional Islamic values, implementing socioeconomic development programs, and measures to counter the ideology of radical groups. The work analyzes the interaction between government bodies, religious organizations, and civil society institutions to ensure the spiritual security of Kazakhstani society. This article employs historical-comparative, socio-psychological, institutional, systematic, and political-legal analysis methods based on the principles of scientific objectivity, systematicity, and an integrated approach. The comprehensive application of these methods has enabled the identification of effective approaches to countering radicalization processes. The scientific and practical significance of the work is determined by its contribution to improving state policy in the field of ensuring Kazakhstan's religious security.

Key words: Islamic Consciousness, Radicalization, Religious Extremism, Security, Deradicalization, Religious Literacy, National Identity.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы исламдық радикализация мәселесі қазіргі заманның ең күрделі әрі өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Бұл құбылыс тек қана діни емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және экономикалық факторларға байланысты күрделі процесс болып табылады. Радикалды исламдық идеологияның таралуы қазақстандық қоғам үшін айтарлықтай қауіп төндіретінін және оның алдын алу мен қарсы тұрудың

маңыздылығын атап өту қажет. Қазақстан көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет ретінде діни экстремизмнің алдын алу мәселесіне ерекше назар аударуға мәжбүр.

Діни радикализмнің таралуына әсер ететін негізгі факторларға әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық және білім деңгейінің төмендігі жатады. Сондай-ақ, шетелдік радикалды ұйымдардың әсері мен интернет желісі арқылы насихаттаудың рөлі де зор. Қазақстанда радикалды исламдық

көзқарастардың таралуы ұлттық дәс-түрлі ислам түсінігінен алшақтау про-цесімен тығыз байланысты. Дәстүрлі қазақ ис-ламы үнемі толеранттылық, ұлтаралық келісім және бейбітшілік принциптерін насихаттаған. Елімізде радикалды көзқарастар негізінен жастар арасында та-ралып, әсіресе әлеуметтік-экономикалық проблемалары бар аймақтарда кең өріс алуда.

Қазақстандағы исламдық радика-лизмнің алдын алу шаралары кешенді сипатқа ие болуы керек және мем-лекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының бірлескен күш-жігерін талап етеді. Мұндай шаралардың қата-рына алдымен білім беру жүйесін жетілдіру, діни сауаттылықты арттыру, жастарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу жатады. Сонымен қатар, діни экстре-мизмге қарсы күрес заңнамалық базаны жетілдіруді, құқық қорғау органдарының жұмысын тиімді үйлестіруді және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды талап етеді.

Қазіргі заманғы ақпараттық техноло-гиялар дәуірінде интернет желісіндегі ра-дикалды контентке қарсы күрес ерекше маңызға ие. Радикалдануға қарсы тұрудың тағы бір маңызды аспектісі – дәстүрлі исламдық құндылықтарды қолдау және на-сихаттау, қазақ халқының ұлттық-мәдени дәстүрлерін сақтау. Діни сауаттылықты арттыру мақсатында имамдар мен дін өкілдерінің біліктілігін арттыру, діни әдебиеттер мен интернет-ресурстардың мазмұнын бақылау қажет. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорт және мәдениет саласындағы мемлекеттік бағдарлама-ларды кеңейту де маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы діни радикализм мәселесін зерттеу отандық және шетелдік ғалымдардың үлкен қызығушылығын ту-дырады, бірақ бұл тақырып әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бейсембаев С. [1] Қазақстандағы діни экстремизмнің қылмыстық сипаты мен жиһадшылдық арасындағы байланысты зерттеп, бұл құбылыстың әлеуметтік-саяси негіз-дерін анықтаған. Оның пікірінше, Қазақстандағы діни экстремизм көбінесе әлеуметтік тұрақсыздық пен жастар арасындағы

бірегейлік дағдарысының салдары болып табылады.

Хеджес П. [2] радикализация ұғымын тұжырымдамалық тұрғыдан талдап, оның қолдану ерекшеліктерін зерттеген. Ғалым бұл терминнің саяси дискурста асыра пайдаланылуын сынға алып, оның ғылыми құндылығын сақтау үшін нақты анықтамаларды қолдану қажеттілігін атап өткен. Малтанер С. [3] радикализацияның аналитикалық парадигма ретінде эволю-циясын қарастырған. Оның зерттеуі бұл құбылыстың түсінігі мен талдау әдістерінің уақыт өте өзгеруін көрсетеді. Ғалым радикализацияның жеке және топтық деңгейлердегі процесстерін салыстырмалы талдауға ерекше көңіл бөледі.

Поляков К.И. [4] Орталық Азиядағы исламдық экстремизмнің тарихи және геосаяси аспектілерін зерттеген. Оның еңбегінде аймақтағы діни радикализм-нің таралуына ықпал еткен факторлар кешенді түрде талданған. Автор сыртқы идеологиялық ықпалдардың аймақтағы дәстүрлі ислам түсініктеріне тигізген әсерін ерекше атап өткен. Руа О. [5] жаһандану жағдайындағы исламның трансформация-сын зерттеп, «жаңа умма» іздеу процесінің ерекшеліктерін талдаған. Оның пікірінше, қазіргі исламдық қозғалыстар жаһандану мен вестернизацияға жауап ретінде қалып-тасады.

Шарипова Д. және Бейсембаев С. [6] Орталық Азиядағы зорлық-зомбылыққа негізделген экстремизмнің себептерін зерттеп, Қазақстан мысалында осы құбылыстың факторларын анықтаған. Олардың зерттеуі экстремизмнің тара-луына әлеуметтік-экономикалық, идео-логиялық және саяси факторлардың кешенді әсерін көрсеткен. Шмид А.П. [7] радикализация, дерадикализация және контррадикализация ұғымдарына кон-цептуалды талдау жасап, осы саладағы әдебиеттерге шолу жасаған. Оның еңбегі осы құбылыстардың теориялық негіздерін түсінуге және практикалық шешімдер әзірлеуге маңызды үлес қосқан. Мухатаева Г. [8] Қазақстандағы ислам радикализациясының себептері мен бастауларын зерттеген. Оның зерттеуі еліміздегі діни радикализмнің таралу факторларына кешенді талдау жасап, бұл

құбылыстың алдын алу мен күресу стратегияларын әзірлеуге негіз болады.

Аталған зерттеулер Орталық Азия мен Қазақстандағы діни радикализация мен экстремизм мәселелерінің көп қырлы сипатын көрсетеді. Бұл еңбектер аталған құбылыстардың теориялық түсінігін тереңдетіп, оның алдын алу мен күресу шараларын әзірлеуге маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Әдіснама

Ғылыми зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ғылыми объективтілік, жүйелілік және кешенді тәсіл қағидаттарына сүйенеді. Зерттеу жұмысында бірнеше өзара байланысты ғылыми әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы радикалды діни идеологияның қалыптасу процесі мен оның хронологиялық аспектілері зерттеліп, идеологиялық құрылымдардың тарихи даму заңды-лықтары айқындалды. Әлеуметтік-психологиялық талдау әдісі бойынша радикалдану себептерінің психологиялық факторлары, жеке тұлғаның радикалды идеяларға бейімделу ерекшеліктері мен әлеуметтік ортаның ықпалы зерделенді.

Институционалды талдау әдісі мемлекеттік органдардың радикализациямен күрес жүргізу тетіктерін, олардың өзара әрекеттестік жүйесін және қызмет тиімділігін анықтауға бағытталды. Жүйелі талдау әдісі радикалданудың алдын алу шараларының құрылымын, олардың өзара байланысын және нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік берді. Саяси-құқықтық талдау әдісі радикалдануға қарсы күрес саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны жан-жақты қарастырып, олардың жетілдіру жолдарын анықтауға септігін тигізді. Осы әдістердің кешенді қолданылуы зерттеу тақырыбын жүйелі түрде талдауға және радикалдану үдерістеріне қарсы іс-қимылдардың тиімді тәсілдерін айқындауға мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда дәстүрлі діни көзқарастардан бөлек, ра-

дикалды исламдық идеологиялардың таралуы байқалады. Бұл құбылыс елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығына елеулі қауіп төндіріп, діни экстремизм мен терроризмнің ықтимал өсуіне алып келеді. Қазақстандағы исламдық сананың радикалдануы күрделі әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни факторлардың қиылысында орын алады. Дәстүрлі қазақ діни практикасы тарихи тұрғыдан ханафи мазхабындағы сунниттік бағытпен, сопылық дәстүрлермен және жергілікті әдет-ғұрыптармен тығыз байланысты болды. Алайда, КСРО ыдырағаннан кейін, әсіресе 1990-шы жылдардың соңынан бастап, елде салафиттік, уахабиттік және басқа да фундаменталистік идеялар таралып, кейбір азаматтардың арасында радикалды діни көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстандағы исламдық радикалданудың негізгі себептерінің бірі діни сауаттылықтың төмен деңгейі болды, бұл адамдардың дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалына түсу қаупін арттырды. Әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыссыздық және әлеуметтік маргиналдану да радикалды идеологияларға бейім топтардың пайда болуына әсер етті. Сыртқы факторлар, атап айтқанда, шетелдік радикалды ұйымдардың қаржылық және идеологиялық қолдауы, интернет желілері арқылы исламдық фундаментализм идеяларының таралуы да маңызды рөл атқарды [9].

Жеткілікті діни білімнің болмауы радикалды діни ағымдарға қарсы тұру қабілетін әлсіретеді. Көптеген жас қазақстандықтарда ислам туралы негізгі білімдер болмағандықтан, олар діни мәтіндерді сыни тұрғыдан бағалап, оларды дұрыс түсіне алмайды. Білім жүйесіндегі олқылықтар мен діни оқытудың жеткіліксіздігі радикалды идеологиялардың таралуына ықпал етеді. Экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік теңсіздік адамдарды радикалды топтарға қосылуға итермелейтін маңызды факторлар болып табылады. Жұмыссыздық, кедейлік және әлеуметтік оқшаулану сезімі көптеген жастарды экстремистік көзқарастарға бейім етеді. Радикалды діни топтар осы осал топтарға

материалдық қолдау, қауымдастық сезімін және әлеуметтік бірегейлік ұсынады, бұл оларды тартымды балама етеді.

Сыртқы идеологиялық әсерлер де радикалдану процесіне маңызды үлес қосады. Таяу Шығыс елдерінен келген экстремистік идеологиялардың импорты, шетелдік радикалды ұйымдардан қаржылық қолдау және шетелде білім алған жергілікті имамдардың радикалды көзқарастарды таратуы бұған мысал бола алады. Әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстар радикалды идеологияларды таратудың тиімді құралдарына айналды. Қазақстан азаматтарына арналған экстремистік мазмұндағы онлайн-платформалар, әлеуметтік желі-лердегі топтар және мессенджерлер кеңінен таралған. Виртуалды кеңістіктегі радикалды насихат әсіресе жастарға қатты әсер етеді, олар үшін интернет ақпарат пен қарым-қатынастың негізгі көзіне айналды.

Қазақстанда мемлекеттік-діни қатынастардың құқықтық реттелуінің жеткіліксіздігі де радикалдық идеяларды таратуға ықпал етті. Діни ұйымдардың қызметін бақылаудың тиімсіз тетіктері, ақпараттық кеңістікте экстремистік контентке қарсы іс-қимылдың жеткіліксіздігі мәселелері әлі де бар. Радикалдық идеологияларды таратушылар елдегі әлеуметтік және саяси жүйеге наразылықты ұлғайтып, мемлекетке деген сенімді төмендету үшін пайдаланады. Олар бұл үшін жергілікті лаңкестік актілер арқылы қоғамда қорқыныш пен тұрақсыздық тудыруға тырысады. Радикалды топтар қазақстандық билік пен дәстүрлі мұсылман басшылығының заңдылығына күмән тудырады, оларды Батыс құндылықтарына бейімделгені үшін сынға алады [10].

Радикалды исламшылдық идеологиясының таралуы қоғамдық пікірді поляризациялауға, этносаралық және дінаралық қақтығыстар қаупін арттыруға әкеп соғады. Радикалды экстремизм Қазақстанның бейбіт көпконфессиялық қоғамына, этникалық және діни толеранттылық дәстүрлеріне нұқсан келтіреді. Қазақстанда радикалды исламдық идеологияның көріністері әр түрлі нысандарда байқалады. Кейбір азаматтар уахабизмнің, салафизмнің

немесе басқа да ультраконсервативті діни ағымдардың идеологиялық ұстанымдарын қабылдайды. Олар өздерінің сыртқы келбетін (ұзын сақал, қысқа балақты шалбар, никаб, паранджа), мінез-құлқы мен өмір салтын (дәстүрлі мерекелерді тойламау, қоғамдық мекемелерден оқшаулану) өзгертеді.

Діни радикалдану әйелдерге де әсер етеді, олардың арасында дәстүрлі қазақстандық ортада үйреншікті емес, ультраконсервативті киім киіп, ерлермен кез-келген байланыстан бас тартамындар да бар. Радикалды топтар қаржы, материалдық көмек, тегін баспана және әлеуметтік қолдау ұсыну арқылы, не діни оппозициялық насихат арқылы әлеуметтік осал топтағы адамдарды тартуға тырысады. Кейбір қазақстандықтар Сирия, Ауғанстан мен Ирак сияқты елдерде соғыс қимылдарына қатысу үшін шетелдік террористік ұйымдарға қосылды, сонымен қатар осындай ұйымдар үшін қаржы жинауға немесе елдегі экстремистік әрекеттерді ұйымдастыруға қатысты.

Қазақстан аумағында 2011-2012, 2016 жылдары және басқа да кезеңдерде орын алған терроризм актілері мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік жүйесіне айтарлықтай қауіп төндірді, бұл оқиғалардың кейбірі ислам атын жамылған радикалды ұйымдармен тікелей байланысты болып, исламдық экстремизм идеологиясының таралуы туралы алаңдаушылық тудырды. Зорлық-зомбылықсыз исламдық радикализм формалары қоғамдық сананы біртіндеп өзгертуге бағытталған, олар дәстүрлі қазақстандық құндылықтар жүйесін эрозияға ұшыратып, қоғамдық пікірді елеусіз трансформациялауға септігін тигізеді. Мұндай идеологиялық ағымдар мемлекеттік білім беру жүйесінен бас тартуға, ресми мерекелерді мойындамауға, діни заңдардың үстемдігін насихаттауға және мемлекеттік билікке деген наразылыққа негізделген нигилистік көзқарастарды таратуға тырысады. Қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, мұндай көзқарастардың таралуы отбасылық қатынастардың дәстүрлі үлгілерін бұзуға, гендерлік рөлдер мен әлеуметтік байланыстарды қайта құруға әкелуі мүмкін.

Радикалды діни идеологиялар жергілікті мәдени мұра элементтерін теріске шығаруға тырысып, оларды «бидғат» немесе «ширк» ретінде қате түсіндіреді, бұл мәдени идентификацияның бұзылуына әкеледі. Қазақстандағы зайырлы мемлекеттік құрылым мен дәстүрлі ханафи мәзһабының ислам түсінігі арасындағы қақтығыс қоғамдық институттардың легитимділігін төмендетуі мүмкін. Діни негізделген радикалдық дискурс көбінесе әлеуметтік әділеттілік, сыбайлас жемқорлықпен күрес және мәдени императивтер сияқты маңызды қоғамдық мәселелерді қамтиды, бұл оның тартымдылығын арттырады. Радикалды діни топтардың стратегиясы Қазақстанның көпмәдениетті және көпконфессиялы қоғамындағы этносаралық және діни-аралық қаты-настардың тұрақтылығын бұзуға бағыт-талған.

Қазақстан сияқты көп этностық қоғамдарда діни радикализмнің әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа әсері ерекше алаңдаушылық тудырады, өйткені ол қолданыстағы ұлттық бірегейлік концепцияларын қайта қарауды көздейді. Діни экстремизм идеологиясы әсіресе әлеуметтік әділетсіздікті бастан кешіріп жатқан және өз орнын іздеп жүрген жастар арасында жылдам таралуы мүмкін, бұл жастар арасында діни сауаттылықпен сыни ойлауды дамытудың өзектілігін көрсетеді. Қазақстандық сәйкестікті діни экстремизмнің әртүрлі формаларынан, оның ішінде зорлық-зомбылықсыз радикалды идеологиялардан қорғау бойынша мемлекеттік стратегиялар кешенді тәсілді қажет етеді, бұл білім беру, әлеуметтік-экономикалық саясат және діни сфераны реттеу саласындағы шараларды қамтиды [11].

Қазақстан Республикасы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және оларға қарсы күрес үшін жүйелі институционалдық, заңнамалық және идеологиялық тетіктер жүйесін құрды. 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң діни ұйымдарды тіркеуге, діни әдебиеттерді сараптамалауға және діни білім берудің лицензиялануына қатысты неғұрлым қатаң ережелерді енгізді [12]. 2013-2017 [13] және 2018-

2022 [14] жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар радикализмге қарсы күрестің ұзақ мерзімді стратегиялық тәсілін айқындады. Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, кейіннен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті діни саладағы мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі мемлекеттік құрылымдарға айналды.

2017 жылы терроризмге қарсы заңнамаға [15] енгізілген өзгерістер террористік құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық жауапкершілікті күшейтіп, радикалды контентті анықтау мен бұғаттауға арналған құралдарды кеңейтті. Мемлекеттік құрылымдар мен дәстүрлі ислам өкілдері арасындағы ынтымақтастық шеңберінде имамдарды даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары әзірленді. Исламдық білім беру мекемелерінің мемлекеттік аккредитациясы халықаралық террористік ұйымдардың идеологиялық ықпалына қарсы тұру мақсатында енгізілді. Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясында Қазақстан ШЫҰ, ҰҚКҰ және БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді әрекеттеседі.

Қазақстандық моделдің ерекшелігі оның дінаралық келісім мен толеранттылықты насихаттауға және діни қауымдастықтардың мемлекеттік емес субъектілермен, соның ішінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезімен ынтымақтастығына негізделген тәсілінде жатыр. Қабылданған шаралардың арқасында соңғы жылдары Қазақстан аумағындағы террористік актілер саны айтарлықтай азайды, бірақ радикалды интернет-контентке жастардың қол жеткізуі елеулі проблема болып қалуда.

Радикалдану қаупіне ұшыраған адамдарға арналған оңалту және қайта әлеуметтендіру бағдарламалары құрылды, олар өткізушілердің, діни сарапшылардың, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлердің қатысуымен жүргізіледі. Сонымен қатар мемлекет діни экстремизм идеологиясының таралуын бақылау және экстремистік интернет-контентке қол

жеткізуді шектеу үшін интернет-кеңістікті бақылау үшін шаралар қабылдады. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұру мақсатында халықаралық ынтымақтастық орнатылды, оның шеңберінде ақпарат алмасу, бірлескен операциялар, кадрлар даярлау бағдарламалары жүзеге асырылады. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы шеңберінде аймақтық ынтымақтастықты белсенді дамытуда, террористік қауіптерге қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қатысады.

Бұған қарамастан, Қазақстанда исламдық радикализмнің алдын алудың тиімді стратегиясын қалыптастыру үшін кешенді және көп деңгейлі тәсіл қажет. Діни насихатқа арналған онлайн-ресурстардың сапасын арттыру, діни білім берудің ұлттық жүйесін құру және жетілдіру, жастар үшін сапалы дәстүрлі діни әдебиеттерді әзірлеу және тарату маңызды. Дәстүрлі ханафи мазхабындағы қазақстандық ислам мектебін дамыту, аудармалық әдебиеттердің сапасын бақылау, дәстүрлі діни түсіндірмелердің қол жетімділігін арттыру қажет. Имамдарды, теологтарды және діни мәселелер жөніндегі сарапшыларды даярлаудың заманауи жүйесін құру, олардың біліктілігін арттыру, мешіттердегі уағыздар мен діни білім беру сапасын жақсарту да өте маңызды [16].

Радикалды идеологияларға бейім азаматтарды анықтау мен оңалтудың тиімді тетіктерін жасау, оңалту орталықтары желісін дамыту, адамдарды радикал-

дану жолынан қайтару әдістемелерін жетілдіру қажет. Этносаралық және дінаралық диалогты нығайту, Қазақстанда діни толеранттылық пен плюрализм дәстүрлерін дамыту, этникалық және конфессияаралық келісім мәдениетін насихаттау маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қоғамдық ұйымдарды, бейресми көшбасшыларды және азаматтық қоғам институттарын діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарына тарту тиімділікті арттыруға көмектеседі.

Діни радикализмнің негізінде жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, осал топтарға әлеуметтік қолдау көрсету, кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікті азайту, сыбайлас жемқорлықты жою да маңызды. Мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негізін жетілдіру, діни қызметті реттеу саласындағы заңнаманы жақсарту, мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеу, діни экстремизм идеологиясының таралуын болдырмау қажет. Құқық қорғау органдарының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі әлеуетін арттыру, терроризмнің қаржыландырылуын анықтау және жолын кесу жөніндегі шараларды күшейту, террористік қауіптерге қарсы күрес саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту — барлық осы шаралар Қазақстандағы радикалды діни идеологиялардың таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

1-кесте. Исламдық сананың радикалдану факторлары

Әлеуметтік-экономикалық факторлар	Психологиялық факторлар	Идеологиялық факторлар
Жұмыссыздық	Өмірдегі мақсаттың болмауы	Радикалды діни ағымдардың насихаты
Кедейлік	Қоғамнан оқшаулану	Дәстүрлі діни білімнің жетіспеушілігі
Әлеуметтік теңсіздік	Өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктерінің жетіспеушілігі	Жалған діни түсініктердің таралуы
Білім алу мүмкіндіктерінің шектеулілігі	Әлеуметтік бейімделудің қиындықтары	Интернеттегі радикалды контент

Қазақстандағы исламдық сананың радикалдану мәселесі әлеуметтік, экономикалық, діни, мәдени және геосаяси факторлардың күрделі кешеніне байланысты. Діни радикализм мәселесін шешу тек күштік әдістерді қолданумен шектелмеуі керек, олар алдын алу шараларымен, білім беру мен ағарту жұмыстарымен, халықтың әл-ауқатын жақсартумен және азаматтық қоғамды дамытумен үйлесуі қажет. Діни және дінаралық тұрақтылықтың сақталуы, діни толеранттылық пен өзара құрметтеу мәдениетін нығайту, маргиналдануды жою және әлеуметтік интеграция – осының барлығы Қазақстандағы діни экстремизмге қарсы күрестегі аса маңызды бағыттар болып табылады. Тұтастай алғанда, қоғамдық сананың ұлттық бірегейліктің және қазіргі заманғы Қазақстан халқының рухани негіздерінің үйлесімді дамуы елдің ұзақ мерзімді және тұрақты дамуының, оның ішінде Қазақстанның көпконфессиялық қоғамындағы діни экстремизм қаупін төмендетудің кепілі болып табылады.

Қазақстандағы исламдық сананың радикалдануы – бұл бірқатар әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни факторлардан туындаған күрделі құбылыс. Оның себептері мен көріністерін түсіну бұл құбылысқа қарсы тұруда маңызды қадам болып табылады. Кешенді және көп деңгейлі тәсілді қолдана отырып, Қазақстан радикалды діни идеологиялардың әлеуетті қаупін азайтып, дәстүрлі дінаралық келісім мен бейбітшілік құндылықтарын сақтауға қабілетті. Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін діни бостандықты құрметтеумен және адам құқықтарымен теңестіру, діни радикализм идеологиясының алдын алу мен терроризмге қарсы күрес шаралары азаматтық құқықтар мен бостандықтарды шектеуге әкелмеуі тиіс.

Исламдық радикализм мәселесін шешу үшін мемлекеттік органдар, діни ұйымдар, білім беру мекемелері, азаматтық қоғам институттары мен халықаралық ұйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастық қажет. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Қазақстан бүкіл қоғам үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ете алады. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру, алдын алу шараларын күшейту және халықаралық тәжірибені

пайдалану Қазақстанның болашақ ұрпағы үшін бейбіт әрі қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету үшін маңызды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстандағы исламдық сананың радикалдану мәселесінің көп қырлы және күрделі құбылыс екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі қорытындылар мен тұжырымдарды жасауға болады:

Біріншіден, Қазақстандағы исламдық сананың радикалдануының бірқатар себептері анықталды: әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыссыздық, білім деңгейінің төмендігі, діни сауаттылықтың жеткіліксіздігі, сыртқы діни-идеологиялық ықпал және жаһандық радикалды желілердің белсенділігі.

Екіншіден, радикалдану көріністері әртүрлі формада байқалады: қоғамдық өмірден оқшаулану, дәстүрлі діни құндылықтардан бас тарту, экстремистік топтарға қосылу, деструктивті ақпараттық кеңістікке тартылу және жекелеген жағдайларда зорлық-зомбылыққа бейімделу.

Үшіншіден, радикалдану үдерістерінің алдын алу мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер, білім беру ұйымдары мен азаматтық қоғам институттарының бірлескен күш-жігерін талап етеді. Профилактикалық шаралар жүйесі кешенді сипатта болуы тиіс және діни сауаттылықты арттыру, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті нығайту бағыттарын қамтуы қажет.

Төртіншіден, радикалдануға қарсы күрес контекстінде халықаралық тәжірибені зерделеу мен қолдану маңызды. Сонымен қатар, отандық ерекшеліктерді, қазақстандық дәстүрлі ислам құндылықтарын және мәдени-тарихи дәстүрлерді ескеру қажет.

Бесіншіден, радикалдануға қарсы тұрудың құқықтық базасын жетілдіру, профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру және осы саладағы мамандардың кәсіби дайындығын күшейту қажеттілігі туындап отыр.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы исламдық сананың радикалдануының алдын алу стратегиясы мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы болып табылады және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шарты болып саналады. Осы мәселені шешу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғас-тыру, радикалдану себептерін терең талдау және оған қарсы күрестің тиімді механизмдерін әзірлеу қажет.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (AP19679139 «Архитехника исламской толерантности в Казахстане: опыт коммуникации и межконфессионального диалога»).

Әдебиеттер тізімі

1 Бейсембаев С. Религиозный экстремизм в Казахстане: между криминалом и джихадом. – Алматы: ОФ «Стратегия», 2015. – 28 с.

2 Hedges P. Radicalisation: Examining a Concept, its Use and Abuse // Counter Terrorist Trends and Analyses. – 2017. – Volume 9, Issue 10. – P. 12-18.

3 Malthaner S. Radicalization: The Evolution of an Analytical Paradigm // European Journal of Sociology. – 2017. – Vol. 58, Issue 3. – P. 369-401.

4 Поляков К.И. Исламский экстремизм в Центральной Азии. – Москва: Институт востоковедения РАН, 2014. – 136 с.

5 Руа О. Глобализированный ислам: в поисках новой уммы // Islamology. – 2017. – Т. 7, №1. – С. 11-40.

6 Sharipova D., Beissebayev S. Causes of Violent Extremism in Central Asia: The Case of Kazakhstan // Studies in Conflict & Terrorism. – 2021. – Vol. 44, Issue 5. – P. 1-21.

7 Schmid A.P. Radicalisation, De-Radicalisation, Counter-Radicalisation: a Conceptual Discussion and Literature Review // ICCT Research Paper. – 2013. – Т. 97. – № 1. – С. 22.

8 Мухатаева Г. Радикализация ислама в Казахстане: причины и истоки // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2019. – №69(3). – С. 127-136.

9 Маульшариф М., Базаркулова Ж.А. Религиозный экстремизм в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2013. – №1(44). – С. 84-93.

10 Смагулов К. Обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан в программных документах главы государства и опыт предыдущих лет // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2016. – №4(58). – С. 267-273.

11 Данилов В.Л. Современная религиозная ситуация в Казахстане как угроза национальной безопасности России // Вестник Омской Православной Духовной Семинарии. – 2018. – №2(5). – С. 202-209.

12 Закон РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» от 11 октября 2011 г. за № 483-IV // [Электронды ресурс] URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067690 (Қаралған күні: 5.10.2024)

13 О государственной программе по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 гг. // [Электронды ресурс] URL: <https://massaget.kz/laws/rus/docs/U1300000648> (Қаралған күні: 5.10.2024)

14 О государственной программе по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018-2022 гг. // [Электронды ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124> (Қаралған күні: 5.10.2024)

15 О противодействии терроризму // [Электронды ресурс] URL: <http://law.gov.kz/client/#!/doc/3686/rus/01.01.2017> (Қаралған күні: 5.10.2024)

16 Сейтахметова Н. Ханафитский мазхаб как путь к диалогу: реконструктивная герменевтика // Адам әлемі. – 2013. – № 3(57). – С. 13-19.

Transliteration

1 Beissembaev S. Religioznyj jekstremizm v Kazahstane: mezhdou kriminalom i dzhihadom [Religious extremism in Kazakhstan: between crime and jihad]. – Алматы: ОФ «Strategija», 2015. – 28 s. (in Russ)

2 Hedges P. Radicalisation: Examining a Concept, its Use and Abuse // Counter Terrorist Trends and Analyses. – 2017. – Volume 9, Issue 10. – P. 12-18.

3 Malthaner S. Radicalization: The Evolution of an Analytical Paradigm // European Journal of Sociology. – 2017. – Vol. 58, Issue 3. – P. 369-401.

4 Poljakov K.I. Islamskij jekstremizm v Central'noj Azii [Islamic extremism in Central Asia]. – Moskva: Institut vostokovedenija RAN, 2014. – 136 s.

5 Rua O. Globalizirovannyj islam: v poiskah novoj ummy [Globalized Islam: in search of a

new ummah] // Islamology. – 2017. – Т. 7, №1. – С. 11-40. (in Russ)

6 Sharipova D., Beissembayev S. Causes of Violent Extremism in Central Asia: The Case of Kazakhstan // Studies in Conflict & Terrorism. – 2021. – Vol. 44, Issue 5. – R. 1-21. (in Eng)

7 Schmid A.P. Radicalisation, De-Radicalisation, Counter-Radicalisation: a Conceptual Discussion and Literature Review // ICCT Research Paper. – 2013. – Т. 97. – №. 1. – С. 22. (in Eng)

8 Muhataeva G. Radikalizacija islama v Kazahstane: prichiny i istoki [Radicalization of Islam in Kazakhstan: causes and origins] // Vestnik KazNU. Serija filosofii, kul'turologii i politologii. – 2019. – №69(3). – С. 127-136. (in Russ)

9 Maul'sharif M., Bazarkulova Zh.A. Religioznyj jekstremizm v Kazahstane [Religious extremism in Kazakhstan] // Vestnik KazNU. Serija psihologii i sociologii. – 2013. – №1(44). – С. 84-93. (in Russ)

10 Smagulov K. Obespechenie nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan v programmnyh dokumentah glavy gosudarstva i opyt predydushih let [Ensuring the national security of the Republic of Kazakhstan in the program documents of the head of state and the experience of previous years] // Vestnik KazNU. Serija filosofija. Serija kul'turologija. Serija politologija. – 2016. – №4(58). – С. 267-273. (in Russ)

11 Danilov V.L. Sovremennaja religioznaja situacija v Kazahstane kak ugroza nacional'noj bezopasnosti Rossii [The current religious situation in Kazakhstan as a threat to Russia's national security] // Vestnik Omskoj Pravoslavnoj Duhovnoj Seminarii. – 2018. – №2(5). – С. 202-209. (in Russ)

12 Zakon RK «O religioznoj dejatel'nosti i religioznyh ob'edinenijah» ot 11 oktjabrja 2011 g. za № 483-IV [Law of the Republic of Kazakhstan "On Religious Activities and Religious Associations" dated October 11, 2011 No. 483-IV] // [Jelektrondy resurs] URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067690 (Qaralghan kuni: 5.10.2024) (in Russ)

13 O gosudarstvennoj programme po protivodejstviju religioznomu jekstremizmu i terrorizmu v Respublike Kazahstan na 2013-2017 gg. [On the state program on countering religious extremism and terrorism in the Republic of Kazakhstan for 2013-2017] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://massaget.kz/laws/rus/docs/U1300000648> (Qaralghan kuni: 5.10.2024) (in Russ)

14 O gosudarstvennoj programme po protivodejstviju religioznomu jekstremizmu i terrorizmu v Respublike Kazahstan na 2018-2022 gg. [On the state program on countering religious extremism and terrorism in the Republic of Kazakhstan for 2018-2022] // [Jelektrondy resurs] URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000124> (Qaralghan kuni: 5.10.2024) (in Russ)

15 O protivodejstvii terrorizmu [On countering terrorism] // [Jelektrondy resurs] URL: <http://law.gov.kz/client/#!/doc/3686/rus/01.01.2017> (Qaralghan kuni: 5.10.2024) (in Russ)

16 Sejtahmetova N. Hanafitskij mazhab kak put' k dialogu: rekonstruktivnaja germenevtika [Hanafi madhhab as a path to dialogue: reconstructive hermeneutics] // Adam әlemi. – 2013. – № 3(57). – С. 13-19. (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Шолпан Мүлькимановна Жандосова

главный научный сотрудник, ассоциированный профессор, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: sholpan_zhandosova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6151-3788

Шолпан Мүлікманқызы Жандосова

бас ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессор, PhD, ҚР ҰЖБМ ҰК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: sholpan_zhandosova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6151-3788

Sholpan Zhandosova

Chief Researcher, Associate Professor, IPhD, nstitute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: sholpan_zhandosova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6151-3788